



**«Арқалық қаласындағы облыстық  
№2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Әдістеме-библиография бөлімі**

## **Тұнған тарих иесі**



**/Өлкетанушы, шежіреші, еңбек ардагері,  
Орекен Алматұлының  
туғанына 85 жыл/**

**(Жаднама)**



**«Арқалық қаласындағы облыстық  
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Әдістеме-библиография бөлімі**

## **Тұнған тарих иесі**

**/Өлкетанушы, шежіреші, еңбек ардагері,  
Орекен Алмаұлының  
туғанына 85 жыл/**

*(Жаднама)*

*Арқалық қаласы  
2022*

ӘОЖ 94(574):821.512.122.0  
КБЖ 91.9:83.3(5Қаз)  
Т 84

Құраст., компют. терген: К. М. Аубакирова  
Жауапты ред.: Ә. Қ. Ахметжанова

**Құрастырушы:** К. М. Аубакирова  
**Шығарылымға жауапты:** К. Б. Борибаева  
**Мұқабаны безендірген:** С. М. Көшкінбай  
**Редактор:** Ә. Қ. Ахметжанова

Тұнған тарих иесі [Мәтін] : (өлкетанушы, шежіреші, еңбек ардагері, Орекен Алматұлының туғанына 85 жыл толуына арналған) : жаднама / Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; К. М. Аубакирова ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. Ә. Қ. Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б.], 2022. – 36 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі жазушы, өлкетанушы Орекен Алматұлының туғанына 85 жыл толуына арналған жаднама дайындады. Жаднамада Орекен Алматтың өмірі мен қызметі жайындағы мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 94(574):821.512.122.0  
КБЖ 91.9:83.3(5Қаз)

© К. М. Аубакирова

## Арқаның Алатауы еді...

Орекен Алматылы  
(1937–2020)



Торғай, Арқалық өңірінің бетке ұстар азаматы, тарихшы, шежіреші, абыз қария, еңбек ардагері, «Қазыны» атты ардагерлер ансамбілінің белсенді мүшесі Алматылы Орекен 1937 жылы 17 қыркүйек күні Қостанай облысы Жангелдин ауданының Аралбай ауылында дүниеге келген. Болмысынан зейінді Орекен Алматылы мамандықтардың төресі ұстаздықты жанына серік етіп тандап алды. 1957 жылы Мендіқара педагогикалық училищесін тәмамдап, білімін 1970 жылы Алматы Жоғары партия мектебінде толықтырды. Жаны қалаған мұғалімдік қызметті Жангелдин ауданының мектептерінде 1960 жылға дейін атқарып келді. Белсенді жас қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүріп, шебер ұйымдастырушылығымен, қай істі болса да тиянақты атқарып әкететін қабілетімен көзге түсті. 1960 жылдың шілдесінен 1965 жылдың қазанына дейін әуелі аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы кейін обкомолдың ауыл шаруашылық басқармасы жанындағы комсомол ұйымдастырушысы, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы боп сайланды. «Албарбөгет», «Юбилейный» кеңшарларында пратком хатшысы болып қызмет жасады. Аудандық кәсіподақ комитетінің, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, аудандық мәдениет бөлімінің бастығы, аудандық кеңес атқару комитетінің жауапты хатшысы, Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің мүшесі бола жүріп те еңбекқорлығымен елдің алғысын арқалаған азамат. 1962 жылдан партия тарағанға дейін аудандық партия комитетінің мүшесі, комсомол, кәсіподақ, халықтық бақылау жұмысында, «Албарбөгет» кеңшары парткомының хатшысы, ұйымдастыру бөлімі меңгерушісі кезінде аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. 37 жылдай аудандық кеңестің, кейін 1999 жылға дейін аудандық мәслихаттың тақырыпқа оқитын штаттан тыс лекторы ретінде Ташкент, Душанбе, Бішкек қалаларында өткен Бүкілодақтық аймақтық семинарларға қатысып, тәжірибе алмасты. Өмірден жиған мол тәжірибесін ел игілігіне жұмсап, туған жерінің дамуына сүбелі үлес қосты. Қарапайым халықпен қоян-қолтық араласып, үлкеннің де кішінің де тілін таба біледі. Орекен Алматылы қазақ әдебиетін қадірлеп өскен, соның жанашыры болған азамат. Өз өмірінде Нұрхан Ахметбеков, Сырбай

Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Шәміл Мұхамеджанов сияқты елдің атақты азаматтарымен дәмдес болды, солардың тәрбиесін көрді. Торғайдың небір саңылақтары туралы әңгіме қозғағанда арқасы ұстап, ұзаққа шабатын керемет шешендік өнері де бар.

Қазақ шежіресі, жыр-дастан, аңыз-әңгімелері ықылым заманнан бері ұлы жобасынан айрылмай жиырмасыншы ғасырға келіп жеткенінің бекер еместігіне көзің жетеді. Бұл жағынан келгенде ол кісі феномен еді. Әлде бір тұлға немесе тарихи оқиға туралы сұрай қалсаңыз сол сәтте-ақ ағыла жөнелетін және бәрін дәлелмен, дәйекпен келтіретін. Айтып отырған әңгімесі жайлы кімнен қай жылы естіді немесе қай кітап, журналда қашан шықты, қай бетінде бәрін қағаздан оқып тұрғандай көсілетін. Тұтас цитата, шешендік сөздер, шумақ-шумақ өлеңдерді құя салушы еді. Жер-су атауларын бес саусағындай білетін. Жалғыз Торғай емес, ол кісі күллі қазақ даласының, әлемнің тарихын өте жетік білетін. Родина кітапханасына 400 әдеби кітап сыйлаған ағамыз кітапты өте көп оқитын еді. Орекен Алматыұлының «Шапақ» баспасынан жарық көрген Тарихи танымдық **«Торғай бекінісіне 160 жыл»** (2005 жыл) деген кітабы, **«Оқығаным. Естігенім. Көргенім»** (2017 жыл) атты кітаптары соның айғағы болар. Мерзімді басылымдарда жарияланып жүрген Ұлттық құндылық, рухани байлығымызды көздің қарашығындай сақтау жолындағы түрлі республикалық, облыстық, қалалық басылымдарға жариялап жүрген көскемсөз мақалалары мен очерктері, естеліктері оның журналистік қабілетін айқындай түседі.

Осындай елге сіңірген елеулі еңбегі үшін «Құрмет», «Қажырлы еңбегі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» т.б. төсбелгілермен марапатталып, Жангелдин ауданының құрметті азаматы атанған. Сонымен қатар, оның кеудесінде «Бүкілодақтық халықтық бақылаушы» және «ВЛКСМ Орталық Комитетінің құрметті қызметкері» кеуде белгілері жарқырайды. Бүгін ел ағасы жұбайы Гүлжиһан Фазылжанқызы екеуі үлкен отбасының иелері, немере мен шөбере сүйді. Балалары жоғары білім алып, Қазақстанның әр түкпірінде еңбек етіп жүр. Жүрегі жомарт, тұнған тарих иесі Орекен Алматыұлы 03.01. 2020 жылы 83 жасқа қарағанда дүниеден өтті. Арасына 53 күн салып аяулы анамыз Гүлжиһан Фазылжанқызы да о дүниеге аттанды. Артына қалдырып кеткен өнегесімен, айтып кеткен ұлағатты әңгімесімен, көптің көңілінде ұзақ сақталатын шежіресімен елдің аңыз етіп айтып жүретін аяулысына айналды. Елағасының есімі елдің ойында, жүрегінде мәңгі қалды.

## Шығармалары:

1. Алматы, Орекен. Оқығаным. Естігенім. Көргенім [Мәтін] : жадымда қалғандар / Орекен Алматы ; алғы сөз жазғ.: Қ. Салғараұлы. – Қостанай: «Шақпақ» ЖШС баспасы, 2017. – 124 б.
2. Алматы, Орекен. Торғай бекінісіне 160 жыл [Мәтін] : аудан өмірінің сан-салалы қыры жөнінде толғамдар / Орекен Алматы. – Қостанай: «Шақпақ» ЖШС баспасы, 2005. – 208 б.

## Мерзімді басылымдарға жарияланған мақалалар тізімі:

3. Алматы, Орекен. Торғайда туған төрт "Ноян" [Мәтін] : [қазақ зиялары] / Орекен Алматы // Қостанай таңы. – 2019. – 2 сәуір. – Б. 5.
4. Алматы, Орекен. Ел тұтқасы болар жан еді [Мәтін] : [қоғам қайраткері Еркін Әуелбековті еске алу] / Орекен Алматы // Арқалық хабары. – 2019. – 11 қаңтар. – Б. 4.
5. Алматы, Орекен. Торғайда, туған төрт "Ноян" [Мәтін] : [Торғай өңірінің тұлғалары] / Орекен Алматы // Біздің Торғай. – 2018. – 17 сәуір. – Б. 3.
6. Алматы, Орекен. Неге мән бермейміз? [Мәтін] : [теледидардағы жарнама мәселесі] / О. Алматы // Қостанай таңы. – 2018. – 23 қаңтар. – Б. 7.
7. Алматы, Орекен. Ғалекең [Мәтін] : / Орекен Алматы // Қостанай таңы. – 2017. – 15 наурыз. – Б. 6.
8. Алматы, Орекен. Мәңгілік ерлік өнегесіне құрмет [Мәтін] : [батыр Қобыланды Тоқтарбайұлына ескерткіш ашылды] / Орекен Алматы // Арқалық хабары. – 2016. – 10 маусым . – Б. 3.
9. Алматы, Орекен. Тарихымызды бұрмаламайық [Мәтін] : [Ұлт-азаттық көтерілісі туралы] / Орекен Алматы // Арқалық хабары. – 2016. – 5 тамыз. – Б. 3.
10. Алматы, Орекен. Бір суреттің тарихы ... [Мәтін] : [қазан көтерілісінің басшысы Әлиби Тоғжанұлы Жанкелдин туралы] / Орекен Алматы // Қостанай таңы. – 2016. – 20 қаңтар. – Б.11.
11. Алматы, Орекен. Бір суреттің тарихы... [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл] / Орекен Алматы // Арқалық хабары. – 2016. – 15 қаңтар. – Б. 3.
12. Алматы, Орекен. Жолдау еске алды [Мәтін] : [атақты тұлғаларды ұлықтау мәселесі] / Орекен Алматы // Қостанай таңы. – 2016.

- 20 қаңтар. – Б. 5.
13. Алматы, Орекен. Елімнің маңдайына сыймай кетті [Мәтін] : [депутат Орал Байғонысұлы туралы : суреті бар] / Орекен Алматы // Арқалық хабары. – 2014. – 11 шілде. – Б. 4.
  14. Алматы, Орекен. Сазгер Садықпен сырластым... [Мәтін] : [автордың естелігі] / Орекен Алматы // Қостанай таңы. – 2014. – 11 ақпан. – Б. 6.
  15. Орекен, Алматы. Молдатай-бүгінде нағыз бабындағы ақын [Мәтін] : [жазушы Молдатай Жапарұлының жарыққа шыққан кітабы туралы : суреті бар] / Алматы Орекен // Арқалық хабары. – 2013. – 17 мамыр. – Б. 3.
  16. Алматы, Орекен. Ахаң көптің сүйіктісі еді [Мәтін] : [ұстаз Ағыбай Қапанұлы туралы] / Орекен Алматы // Қостанай таңы. – 2013. – 13 наурыз. – Б. 7.
  17. Алматы, Орекен. Биыл - Нұрхан жылы [Мәтін] : [суырып-салма айтыскер, күйші-сазгер Н. Ахметбековтың туғанына 100 ж.] / Орекен Алматы // Қостанай таңы. – 2013. – 16 қаңтар. – Б. 8.
  18. Алматы, Орекен. Биыл Нұрхан жылы [Мәтін] : [ақын Нұрхан Ахметбеков туралы] / Орекен Алматы // Арқалық хабары. – 2013. – 14 қаңтар. – Б. 4.
  19. Алматы, О. "Иманқұлдың Әбірахманы атты кітап туралы [Мәтін] : [ақын Сапар Мұқтарұлының кітабы туралы] / О. Алматы // Біздің Торғай. – 2012. – 21–28 ақпан. – Б. 7.
  20. Орекен, Алматы. Үлкен - кішіге үлгі болған [Мәтін] : [ұстаз Еркін Құлпейісов туралы сөз] / Алматы Орекен // Қостанай таңы. – 2012. – 12 қаңтар. – Б. 6.
  21. Алматы, О. Торғайдың көзі тірі шежіресі [Мәтін] : [журналист Жәлел Қарабалаұлы туралы] / О. Алматы // Біздің Торғай. – 2011. – 5 шілде. – Б. 4.
  22. Алматы, Орекен. Еңбегімен елге сыйлы болғандар [Мәтін] : [қасиетті Торғайдан шыққан Социалистік Еңбек Ерлері туралы сыр] / Орекен Алматы // Қостанай таңы. – 2011. – 5 қараша. – Б. 15.
  23. Алматы, Орекен. "Алжир" тауқыметін бастан кешірген [Мәтін] : [торғай қызы Қазима Төлендіқызы туралы сөз] / Орекен Алматы // Қостанай таңы. – 2011. – 6 қаңтар. – Б. 8.
  24. Алматы, Орекен. Төскейді түлікке толтырған [Мәтін] : [мал маманы Ахат Қабажайұлы туралы сөз] / Орекен Алматы // Қостанай таңы. – 2010. – 13 шілде. – Б. 5.



25. Алматы, Орккен. Тірі болса талай белестердеі алар еді-ау [Мәтін] : [айтыскер ақын Игілік Бейсенбаев туралы] / Орккен Алматы // Қостанай таңы. –2010. – 21 шілде. – Б. 7.
26. Алматы, Орккен. Жұртын имандылыққа бағыттаған піредарлар риза болсын [Мәтін] : [имандылыққа үндеген дін өкілдері туралы] / Орккен Алматы // Біздің Торғай. – 2010. – 2сәуір. Б. 4.
27. Алматы, Орккен. Торғай Ұлы Отан соғысы жылдарында [Мәтін] : [елдің соғыс жылдарындағы ауыл шаруашылығы туралы] / Орккен Алматы // Біздің Торғай. – 2010. – 5 ақпан. – Б. 2.
28. Алматы, Орккен. Сұрапыл соғыс жылдары [Мәтін] : [торғайлық 2261 жауынгер Отан үшін опат болды] / О. Алматы // Қостанай таңы. – 2010. – 26 қаңтар. – Б. 4.
29. Алматы, Орккен. Ауылдың айтқыштары [Мәтін] : [шешен Тұрған Өтегенұлының айтқандары] / Орккен Алматы // Қостанай таңы. – 2008. – 3 қазан. – Б. 6.
30. Алматы, Орккен. Ұлт ұясы - Торғай [Мәтін] : [ауданның 80 жылдығына орай] / Орккен Алматы // Қостанай таңы. – 2008. – 29 ақпан. – Б. 4.
31. Алматы, Орккен. Қазақтың тұңғыш жорналшы қызы [Мәтін] : [қазақтың журналист қызы Нәзипа Құлжанова әлі лайықты бағасын алған жоқ] / Орккен Алматы // Қостанай таңы. – 2007. – 14 наурыз. – Б. 4.
32. Алматы, Орккен. Торғайда Табай бидей шешен өткен... [Мәтін] : [торының төрт тіреуінің бірі Табай би туралы] / Орккен Алматы // Қостанай таңы. – 2007. – 6 сәуір. – Б. 7.
33. Алматы, Орккен. Торғайда туған бір тұлға [Мәтін] : [азамат Хамитбек Қапанов туралы естелік] / Орккен Алматы // Қостанай таңы. – 2006. – 23 мамыр. – Б. 3.
34. Алматы, Орккен. Қайран аға, қарайлайсың алыстан [Мәтін] : [республика басшыларының бірі Серіков Серғали туралы] / Орккен Алматы // Қостанай таңы. – 2006. – 27 маусым. – Б. 6.
35. Алматыұлы, Орккен. Ол сексенге толар еді [Мәтін] : [инженер-геолог Ғалымжан Шалдыбаев туралы] / О. Алматыұлы // Торғай таңы. –1995. – 25 сәуір. – Б. 3.


### Ол туралы әдебиеттер:

36. Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.: Т. Рсаев. - Алматы: Арыс, 2013. – Б. 31.
37. Жақып, Ә. Торғай тарландары [Мәтін] : өмірбаяндық энциклопедия. 1-том / Ә. Жақып ; ред.: Б. Ахмет. - Астана: Парыз, 2009. – Б. 18–19.
38. Досжанов, Хамит. Сыйласым еді, құрдасым еді, Орекен! [Мәтін] : [Алмат Орекенді еске алу] / Хамит Досжанов // ARQALYQ habary. – 2021. – 17 қыркүйек. – Б. 6.
39. Байділдин, Шөптібай. Торғайдың торы жорғасы [Мәтін] : (Оркен Алматы ағамыз тірі болса 17 қыркүйек күні 84 жасқа толар еді...) / Шөптібай Байділдин // ARQALYQ habary. – 2021. – 17 қыркүйек. – Б. 6.
40. Гапбасұлы, Жәнібек. Асыл аға [Мәтін] : (Оркен Алматыұлының рухына тағзым) / Жәнібек Гапбасұлы // ARQALYQ habary. – 2020. – 28 тамыз. – Б. 4.
41. Рыскелді, Рахым. Өрен тұлға, Оркен өтті өмірден! [Мәтін] : (аза жыр) / Р. Рыскелді ; [қоғам қайраткері Оркен Алматыұлына : аза жыр] // ARQALYQ habary. – 2020. – 31 желтоқсан. – Б. 4, 6.
42. Бектұрған Рақымжан. Көсемсөздің қас шебері еді... [Мәтін] : [Оркен Алматының қазасына] / Рақымжан Бектұрған // ARQALYQ habary = Торғай. – 2020. – 7 ақпан. – Б. 4.
43. Мұханбетқалиұлы, Серікбай. Оркен ағаға реквием [Мәтін] : [Оркен Алматының қазасына] / Серікбай Мұханбетқалиұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2020. – 7 ақпан. – Б. 5.
44. Шаймағанбетов, Серікбай. Ортасы орда Оркен аға [Мәтін] : [ұстаз Оркен Алматыұлы туралы] / С. Шаймағанбетов // Қостанай таңы. – 2017. – 20 қазан. – Б. 11.

## Орекен Алматылының кітаптары:



Алмат, Орекен. Торғай бекінісіне 160 жыл [Мәтін] : аудан өмірінің сан-салалы қыры жөнінде толғамдар / Орекен Алмат. – Қостанай: «Шақпақ» ЖШС баспасы, 2005. – 208 б.




Алмат, Орекен. Оқығаным. Естігенім. Көргенім [Мәтін] : жадымда қалғандар / Орекен Алмат ; алғы сөз жазғ.: Қ. Салғараұлы. – Қостанай: «Шақпақ» ЖШС баспасы, 2017. – 124 б.

## Ол туралы жарияланған кітаптар:



Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.: Т. Рсаев. - Алматы: Арыс, 2013. – Б. 31.



Жақып, Ә. Торғай тарландары [Мәтін] : өмірбаяндық энциклопедия. 1-том / Ә. Жақып ; ред.: Б. Ахмет. - Астана: Парыз, 2009. – Б. 18–19.

## Орекен Алматұлының өмірінің жарқын бейнесі



Ұлы әкелері мен ағалары Алмат, Спабек, Мұса, Зарқым, Шайхан әкелері.  
Кәрім, Нүркеш ағалары, Ахметқали жездесі, Сағым Жалмышов досы.  
Папам Талғатжанмен 1965 жыл



Қамбар, Қалбике, Рысалды апасымен отбасылық кездесу





Орекен аға қазақ зиялыларымен Әбіш Кекілбаев, Қойшығара Салғарин




Торғай зиялыларымен



Қостанай қаласының ардагерлерімен Астанада



Қобыланды батыр ұрпақтарымен



Достар пікірлесуде





Орал Мұқамеджановпен кездесуде



С. Мәуленовпен бірге



Академик К. Сағадиевпен



Торғай ардагерлерімен кездесу





Аудандық атқару партия комитетінің ұжымымен 1 мамыр шеруінде



Парламенттегі кездесу



М. Әуезовтың Абай жолы спектаклінде Керімнің ролінде





Орекен Алматылының 80 жасында. 2017 жыл



Қызы Сандуғаш, немересі Нүрәділ



Өнер ордасында





Ш. Әбдіғалиев пен О. Алмат  
Бабаларға тағызым



жұбайы Гүлжиһан Фазылжанқызымен  
Ұлы тұлғаға тағызым етуде



Орекен Алматыұлының марапаттары





Орекен Алматулы өзі жинаған көркем әдебиеттерін Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесіне көмегін жасап 400 – кітап сыйға берді.



Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасында өткен Іс-шарадан көрініс.

## Өз тіліңді құрметте

### *Бір сөз болса да...*

Туған тіліміз қазақ тілін бай, көркем, болашағы зор деп жатамыз. Шындығында да солай. Түрік тектес халықтар ішінде әлемнің талай ғұламалары мойындағаны да белгілі көзі қарақты жандарға.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынан бастап туған тілдің көркеюі үшін, оның қатарының молығып баюы үшін еңбек еткен ғалымдарымыз бен шығармашылықпен айналысқан ақын, жазушыларымыз да қаншама.

Бір ғана иманы көркем болғыр ұлтжанды Ұлытаудың ұланы қазақтың сөздік қорын молайтқан санамызға сіңіп, тілдік талғамымыздан лайықты орын алған жүздеген баламаларды өмірге келтірген Ислам ағамыз Жарылғапұлының еңбегі қандай еді.

**Зымыран (ракета), ғарыш (космос), балмұздақ (мороженое), аялдама (остановка)**, көрермен, оқырман деген күнделікті өмірімізге де, ғылыми айналысқа да енген жана сөздер қаншама.

Қазіргі жаһандану, нарықтық кезең делінетін дәуірде орысың жайына қалып, ағылшын, француз, неміс, т.б. еуропалық жұрттар тілдерінен енген мониторинг, лизинг, тренинг, шоу, бенефис, рейтинг, имидж, толеранттық т.б. қатардағы қарапайым қазақтар түгіл, оқыған тоқыған дейтіндердің өздері түсіне бермейтін сөздер газет, журналдар дейсің бе, радио мен телеарнадан сағат сайын еститін болып алғанымыз күнделік тіршілігімізге айналғаны да белгілі.

Міне, осындай қазақ тілінің адымын аштырмай, тынысын тарылтуға айналған кезең тілдік қорымызға жаңалық енгізуге тырысқан қалам иелерінің барлығына шүкіршілік етесің. Мені осы пиғылды жазуыма жақында қазақ өміріндегі ақтандақтарды айқындауға, арманда кеткен арыстарымыз өміріне қалам тартып, еңбек жазып жүрген Бейбіт бауырымыз Қойшыбаевтың «Шабуыл» атты эссесін оқып шыққаным себеп болды. Шығарма Алаш қайраткерлері Бақытжан Бисалиұлы Қаратаев, Мұстафа Шоқиев сынды арыстарымызбен таныс, біліс болған біздің оқыған кеңестік тарихнамамызда Уақытша үкіметті басқарған, кеңес үкіметінің жауы боп суреттелген.

А. Ф. Керенский өмірінен біраз жәйтті шертеді екен. Менің айтайын деп отырғаным ол шығарманың мазмұны, бағыты емес, соның ішінде көңіліме ұялаған бұрын әдеби тілімізде қолданылмаған бір сөз туралы. Орыс тілінде **отставка** деген сөз бар. Осы сөзді жоғарыда аталған жазушы Б. Қойшыбаев **доғарыс** деп келтірген. Қандай тапқырлық? Шындығында **отставить** дегеннің қазақша баламасы **доғар, қоя түр** емес пе? Сондықтан отставкаға

кеткен, отставкаға шығарылған деген сіреспеден гөрі, доғарыстағы, доғарыста деген балама тілімізге жаңадан қосылған жаңалық, табыс деп бағаламаймын.

Жақында бір жиында Арқалықтың белгілі азаматының бірі ауылымыз, бетке ұстар ақсақалдарының басшысы Жәнібек інім Гапбасұлы өз пікірімен бөліскенде: «Бір тамаша сөз оқыдым және оған келісіп, қол көтеремін. Бұрын екі сөздің бірінде жазуда да, айтуда да балкондейтін едік қой. Соны бір азаматымыз **самалдық** деп аударыпты, біреулер **қылтима** деп жүрген жоқ па? Көп қабатты үйлерде тұратындар жаз күндері далаға шықпай-ақ таз ауамен, ептеп желпініп алу үшін самал желге бетін-жүзін тосу үшін шығатын орны **самалдық** екені белгілі емес пе? деді. Бұған сол жерде отырған азаматтар бірауыздан келістік. Шындығында, орыс ағайыннан, еуропалықтардан дендеп кіріп, туған тілді тұншықтыра бастаған осы заманда бір сөзде болса тұрмысымызға ене бастаған төл баламаларға кең жол ашу керек қой деген пиғылмен жазып отырмын. Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық мерекесін тойлап жатқан кезеңде Елбасының «Ел болашағы қазақ тілінде», «Қазақпен қазақ өз тілінде сөйлессің» деген құран хадисіндей толғамдарын жүзеге асыруға тәуелсіз елдің әр тұрғыны, оның ішінде ұлтжанды азаматтар қолға алып шын мәніндегі тіл тазалығы үшін бай да, көркем ана тіліміздің болашағы үшін немкеттілік пен немқұрайдылық пікірді тастап, күрес жүргізу керек деп ойлаймын.

**Алмат О. «Оқығаным. Естігенім. Көргенім»  
кітабынан алынған мақаласы.  
«Шапақ» ЖШС баспасы, 2017 ж. – Б. 25–27**

## Орекен Алматылы жайлы жылы лебіздер

Біздің балалық шағымыз бір ауылда өтті. Бір мектепте оқыдық. Екі жас үлкендігі бар Орекенді аға тұттым. Орекеннің есеюі бізден ерекше еді. Оның әр тірлігінен сол кездің өзінде жетіжылдық мектептің оқушысының емес, ұстаздық жасап, бала тәрбиелеп жүрген мұғалімдердің іс- әрекетіндей бір қылық байқалатын. Мектептің бүкіл пионер, комсомол ұйымының жұмысына Орекен басшылық ететін. Басқаны айтпағанда, өзіне сабақ беріп жүрген мұғалімдерімен тең құрбысындай, кәдімгі ересек адамдай, әдемі әзілдесетінінің өзі маған ерекше құбылыстай көрінетін. Өйткені ол кезде бүгінгідей емес, мұғалімнің беделі ерекше болатын. Ауылдың үлкен-кішісі олардың алдын кесіп өтпейтін. Ауылдың аяулы ақсақалдарының өзі бейне Меккеден келген әулиеге қол тапсырғандай, мұғалімдермен ерекше мейірмен, құрметпен амандасатын. Осындай жағдайда өзіңмен бірге оқитын баланың өзінді оқытып жүрген мұғалімдеріңмен қатар тұрып, қалжыңдасуы қалай қайран қалдырмасын. Оның үстіне мұғалім ағайлардың да оған деген ілтипаттары айрықша болатын. Осының бәрі маған ерекше әсер ететін. Қызығатынымын. Оны өзіме үлгі тұтып, сондай болуға ұмтылатынымын. Соғыстан кейін ауыр кезеңнің тауқыметін өзге замандастарымен бірге көріп, оның сыртында мектептің қоғамдық жұмыстарын жан сала атқарып жүріп, оқуда да үздік болды. Ұстаздарымыз Орекенді бізге үнемі үлгі ететін. Оның ерекше үздік оқығаны сондай, алтыншы класта оқып жүрген оны арнайы құрылған комиссияның шешімімен, бірден жетінші класқа көшірді. Мұндай оқиға біздің мектептің тарихында бұрын болмаған екен. Содан да болар көпке дейін ел аузында айтылып жүрді. Орекен бала күнінен-ақ қатар-құрбыларынан ерте оянып, ерте есейген азамат қой бұл күнде ақылымен аумағын үйірген ел ағасына айналған. Кезінде ата-анасының жағдайына қарап, оқуын жалғап, қажетті білім ала алмағанымен, өзінің тынбай талаптанып ізденуінің арқасында өмір талабына сай ғылым саласының әр түрінен мол мағлұмат жинаған. Қатарластарының оны «дипломсыз академик» деп қалжыңдайтындары да содан болса керек. Айтса айтқандай Орекенмен сәті түсіп мәжілістес, не сапарлас болған кез келген адам оның жан-жақты білімдарлығына көз жеткізіп, кең байтақ қазақ даласының бір қиырындағы шалғай ауданда жүріп, осыншама энциклопедиялық білімді жадына жиған ғажайып қабілетіне еріксіз таңғалар еді. Кейде еңбек демалысын, кейде жұмыс бабын пайдаланып, елге әйтеуір ретін тауып жылына бір келіп, кетіп жүрем. Сонда міндетті түрде Орекенге соғып, сәлем берем. Қасымда әр кез ғылым достарым болады. «Жақсыда жаттық жоқ»

дегендей, Орекең әлгі ғалымдармен күнде көріп жүрген қызыметтестеріндей-ақ бірден шүйіркелесіп, ортақ тіл табысып, шешіле әңгімелесіп кетеді. Таңқаларлығы: Орекең сондайда тарихшымен сөйлесе де, этнологпен сөйлесе де, тілші ғалыммен сөйлесе де, өнертанушымен сөйлесе де, саясатшымен сөйлесе де, бейне сол саламен өмірбойы айналысып, зерттеп жүрген адамдай, қай-қайсысынан да бопсасыз нақты дерекпен сөйлейді ғой. Оның ерекше зерделілігіне білікті деген мамандардың өзінің таңғалып, бастарын шайқап отырғандарының талай куәгері болғаным бар. Орекең қандай жағдайда болсын, бір көргенін, бір естігенін, бір оқығанын жадында сақтап, еш ұмытпайды екен. Оның осындай көп білетіндігінің пайдасын өзім де талай көрдім. Әсіресе, «Торының төрт тіреуін» жазғанда XIX ғасырда өмір сүрген аталарымыздың ат-жөндерін, іс-әрекеттерін жаңылыссыз айтып, үлкен көмек бергенін қалай ұмытпайын.

**Қойшығара Салғараұлы,**  
тарихшы, ғалым, жазушы,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

«Рухани қазынаның қамбасы еді» көгілдір экраннан бейнесін көргенде, жиындарда қазақ, орыс тілдерінде сайрағанда іштей марқаятынмын. Заманында аупарткомның беделіді бөлімін басқарған, Жанкелдин аудандық комсомол комитетінің тізгінін ұстаған, басқа жауапты қызметтерді де абыроймен атқарған ағамыз жасы ұлғайған шағында сұңғыла шешендігімен ортасына елеулі. Киелі Торғайдың мақтан тұтар азаматтары хақында қалам терберде рухани қазынаның қамбасы саналатын Өр-ағаға жүгінетінмін. Себебі, бұл кісінің жадында сақтау қабілеті мықты, ұсынған деректері шынайылығымен ерекше. Әдебиет пен өнердің дарабоздары төңірегінде сыр шерткенде тыңдаушысын рахат сезімге бөлейтін.

**Жақсылық Жүнісұлы,**  
журналист-жазушы

Торғай аймағынан Қазақстанға танымал бір азамат болса ол Орекен аға. Талай жақсы жайсаңдармен дәмдес, сыйлас болған. Қасым Қайсенов айтқан екен: «Апырмай, мынадай қабілетпен Торғайға қалай сыйып жүрсің?!» деп. Ия асыл ағамыз билікпен бедел қуып сыртқа шықпай өзі туған топырақта ғұмыр кешті. Халқына адал қызмет жасады. Ұлы Жаратушы ерекше алып тұлғалы етіп жаратқан ағамыз спортқа да, өнерге де аса бейім болған. Өмірі өнеге, жүріс-тұрысы тәрбие, әр сөзі өсиет, ісі-ізгілік, әр қадамы игілік,

тәрбие-тағылым. Отырған жері той думан, әзіл оспақ, Үлкенмен де, кішімен де бір дастархан үстінде танысып, сыйласып, сырласып, араласып кететін. Сол сыйластық өткінші емес, өмірлікке жалғасушы еді. Қырық жылдан аса сыйласқан ағаның біз айтып жеткізе алмайтын қырлары аса көп еді. Ұстанымы ел бірлігі, уағызы азаматтың, адамгершілік, елдің, халықтың бірлігі, мемлекеттің тұтастығы болды. Қандай бас қосуда болса да, қандай келелі кеңесте болса да көсіле сөйлеп, көш бастап, бағыт-бағдар беріп отыратын. Ақты ақ, қараны қара деп айта алатын. Мал жинамай өнер білім, өнеге жинаған азамат. Баспасөзге, кітапқа, телехабарға қаншама мол мұра жазды. Жастардың тәрбиешісі, бағбаны еді. Сексеннен асқан қария барша өмірін тәрбиеге, жастарға уағызға арнады. Текті Торғайдан талай дүлділдер мен шешендер, көсемдер шыққан. Соның бірі Өр-аға десек қате айтпаспыз.

### **Шөптібай Байділдин**

Арқалық қаласының құрметті азаматы, Өлкетанушы,  
Әлемдік Шыңғысхан академиясының «Құрметті академигі»

Кейінгі толқынға үлгі көрсетіп, өнеге берер қазыналы қарт болу екі адамның бірінің маңдайына жазылмағаны шындық. Қазыналы қарттың етек-жеңі кең, еңсесі биік, сөзі дәмді келеді. Біз солардың қатарына қазір сексеннің желкесіне сергек шығып, тоқсанға көзін қадаған ағаларымызды қосар едік. Мен сондай қазыналы абыз қарттардан оқшау, оқ бойы алда келе жатқан үш көсемсөз шеберін атар едім. Олар: Кәки Ақан, Хамит Досжан және Орекен Алмат. Орекен Алматтың да балалық шағы, жастық дәурені сол бір қиын қыстау кезеңге дөп келді. Ел қатарлы жетіліп білім алды. Жасынан ел өміріне етене араласты. Алған білімі мен ағыр мінезінің арқасында орда бұзар отыз жасқа жетпей-ақ аудандық, облыстық деңгейде руханият саласында жауапты қызметтер атқарды. Сол кездегі кеңестік жүйеде идеологияның ықпалы күшті болатын. Ол мансап қуған емес. Табиғаты таза, білімі мен білігі сай алғыр азамат идеология қызметтің түрлі саласынан сыннан өтті. Оның ғұмырнамасы ұрпаққа үлгі, кім-кімге де өнеге боларлық өрелі жол, шаңырақты көтерген уықтай еліміздің мәртебесін биіктетуде жер-жерден халықты, еңбек ұжымдарын ортақ еңбекке жұмылдырудан тайған емес. Қайда жүрсе де жақсы мен жайсаңдардың басын қосып, бүтінді бағалап, үзілгенді жалғай білетін **дала дипломаты** дерсің.

**Рақымжан Бектұрған,**  
еңбек ардагері



Орекен мен үшін сыйлас дос, қатар өскен құрдас еді. Екеуіміздің таныстығымыз сонау 1960 жылдары басталған болатын. Бірімізді біріміз ідеп тұратын, сағынып жүретін, жан аяспас дос болып келеміз. Ол Жангелдин ауданындағы комсомол ұйымын басқарса, мен Иманов атындағы кеңшардағы жастар ұйымына жетекшілік жасадым. Сол жұмыс екеуіміздің облыстық деңгейдегі жиындарда жиі кездесіп, бір бірімізді жете танып білуімізге себі тиді. Содан бері 60 жылдам астам уақыт өтсе де, біздің сыйластығымызға сызат түсіп көрген жоқ. Орекеннің Арқалыққа көшіп келгеніне мен қатты қуандым. Өйткені онымен жиі кездесіп тұруымыздың, бірге болуымыздың сәті түсті. Тіпті, осы қаладағы оқу орындарының оқушыларымен өткізілетін кездесулерге барып, жастарды тәрбиелеу жұмысына арналған шараларға екеуіміз бірге жүріп, атсалыстық. Ол ол ма, қалада өтетін көптеген жиындарға да барып, пікір айтуға да қатынасып отырдық. Көп жағдайда мен одан біраз дүниені үйрендім. Өйткені, Орекен өрен жүйрік еді. Айтары көп, ойға түйгені де өте мол болатын. Сондай асқақ ойлы, дархан парасатты, жайсаң мінезді Орекенмен қатар жүру, бірге болу, жиындарда сонымен қосыла сөз сөйлеу мені мақтаныш сезіміне бөлеуші еді. Ойындағысын тура айту және оны үлкен жиындарда ортаға ұсына білу Орекеннің бойына біткен ерекшелігі еді. Оның үнемі сынға алып жүретін мәселесі қаладағы қонақ үйлер, шаштараздар, дүкендер мен кафе атаулары болатын. Көптен көп Сакура, Шарм, Арсенал деген атаулардың барын айтып, осының қайдан пайда болғанына наразылығын білдіріп жүрді. Осындай келеңсіздіктердің өріс алмауын және ондай олқылықтарды болдырмауды үнемі айтумен болды.

Орекеннің өмір жолының қай-қай белесінде де ол қалдырған ізгілік іздері сайрап жатыр, тындырған істері де жарқырап тұр. Орекен Жангелдин ауданының жастар ұйымын басқарған бірінші хатшысы кезіндегі жастардың белсенді қызметін елі әлі ұмытқан жоқ. Ол аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімін басқарды. Сол кезде аудан өміріндегі қаншама күрделі мәселелердің шешілуіне Орекен қосқан үлесі өлшеусіз еді. Сондай-ақ ол атқарған атқару комитетіндегі жұмысы да өзінің нәтижелігімен жоғары бағаланады. Ол тәрбиелеген, оның жетектеуімен жүріп, ат жалын тартып мінген азаматтар өте көп еді. Олар өздерін елге танымал еткен Орекенді кішіге қамқор болған, таланттыны тани білген аға тұтты. Оны қадірледі, құрметтеді. Орекен Торғай өңірінің, сол елдегі ісі қазақтың ортақ перзенті. Осындай талантты перзент қазақ даласының қасиетті өңірі – Жангелдин

ауданында туып өсті. Сол туған ауданы оны құрметтеп «Жанкелдин ауданының құрметті азаматы» деген атақ берді. Соған Орекенмен бірге біз де қуандық. Сол атақпен ол да мақтана білді. Орекеннің тарихшылдығы мен шежірешілдігі домбыраның қос шегіндей бірін-бірі толықтырып жататын. Ол кез-келген әңгімені сонау тереңнен қозғап, оның тарихын талдап, таратып айтып беретін еді. Ал, шежіреге өте жетік болатын. Орекен Арқалыққа келісімен осындағы ардагерлердің «Қазына» ансамблыне қатынасып жүрді. Сондағы айтатыны: «Менің сол ансамбльге баруым елдің елдігін, қаланың абыройын сақтауды ойлағаным» – дейтін. «Егер мен бармай қалсам, басқаларда келмеуді ойлауы мүмкін. Сөйтіп ансамбльдің ісі жүрмей, ақырында әлсіреп кетері анық» – дегенді көп айтушы еді. Осының өзінен оның қалалық ардагерлердің «Қазына» ансамблыне деген құрметін көріп жүрдік. Сол ансамбльдің өсуіне, кемелденуіне Орекеннің өзіндік із қалдырғаны белгілі.

**Хамит Досжанов**

Арқалық қаласының құрметті азаматы

Сіз туралы өткен шақпен айтуға тура келіп тұрғаны ай... Бойыңызда ә дегеннен адамды өзіне магниттей тартып әкетер қасиет бар еді ау, Көке! Сізге, үзеңгілес жолдастарыңызға кездеспей тұрғанда – шешен ол кітапта ғана болады, оның сөзің жазушы үлкен дайындықпен аузына салады., жан-жақты ізденіп жазылған сөз тыңдаған адамды үйіріп әкетеді деп ойлаушы едім. Сізді көріп, әңгімеңізді тыңдағанда, ол ойымның дұрыс еместігіне анық көзім жетті. Жылқы сүрініп үлгіргенше ақыл тауып кететін сұңғыла ойдың егесі екеніңізді аңдадым. Топтың әрі, төрдің сәні едіңіз ау... Кесек бітіміңізбен, сөз аларда қомданып, бет жүзіңіз нұрланып, зор қоңыр дауыспен әу деп бастағанда ақ, тыңдаған жұртты елітіп, иіріп әкетер қасиетіңіз бер еді ау Көке! Дауыстың өзі әңгіменің орайына қарап құбылып, бірде пәс, бірде тіпті зор шығып, оны әдемі өлеңдермен өріп, мақалмен нақыштап айтқан әңгіме небір иісалмастың өзің иіріміне тартар еді. Тарихты танып, оның айшықты тұлғаларын ұлықтау жиындарынан қалмай, жер шалғай болса да қатысып, ақсақалдық батаңызды беріп жүрдіңіз. Қазақтың ұлы тұлғасы Хакназар ханның кесеңесі көтеріліп, құран бағыштау жиынына алыстан ат терлетіп келуіңіз үлкен адамгершілік. Сол жиынның әрін кіргізіп, беделін асқақтатқан топтың қадірлісі болдыңыз. Торғай сияқты киелі

топырақтың жылуын, арқаның самал лебін, арыстарының дәмін алып келіп едіңіздер. Хақназардай алыптың айбының асыруға қызмет еткен жігіттердің көңіліне дем беріп едіңіз. Ағалық ақ жайлаудың кеңдігін , тазалығын, тұнықтығын көріп, інілеріңіз арқаланып еді. Жақсыны жағалай білер, арқа тұтып ағалай білер інілеріңіздің ықыласынан, қошыметінен кенде болмадыңыз. Сондай бір қырыңызды жеңгіміз Гүлжан екеуіңіз Оңтүстіктің мейрамды мекені Сарағаш шиппажайына дем ала келгенде көріп едім. Әдемі әзіл, жақсы сөзге шөліркеген жігіттерді бір қыздырып едіңіз. Күнде мұндай тағылымы тәуірдің қолға түсе бермейтінін сезген жігіттер сіздерді алақанға салып, мерейлеріңізді үстемелеп еді ау Көке!...е, жалған ай...Қасиетті Қазығұрт тауына аялдап, басынашығып, кемеңің сұлбасын сипап еміренгеніңіз де, енді бір сурет болып қалды. Бүгін Шөптібай көкемнен суық хабар алдым. Алды жарық болғыр жеңгіміз Гүлжан үндеместер ауылыңа сапарлапты. Жақсы еді жарықтық. Жүрегі шыдамаған шығар. Тектілігі бой сымбатынан, жүріс тұрысы, іс қимылынан көрініп тұрушы еді. Қолынан дәм татып едік. Жарасымды жұп еді. Бекзат еді Жүрген жерлеріңізді сәулелендіріп, қыздырып, қызықтырып жүретін үлгілі де, тату жұп едіңіздер. Қараңғы қабырларыңыз жарық болсын, жандарыңыз жаннатта шалқысын. Арттағы ұрпақтарыңызға сабыр берсін. Дұғамыздың ішінде боласыздар, Хош Көке, Жеңеше...

Топта сөз тимесе ауырып қалатын. Сөйлегенше алаңдап, елендеп отыратын. Ал, сөз кезегі келгенде қара сөздің қаймағын айырып, арасын өлеңмен өріп, ұшатын қырандай қанатың қомдап өсіп отыратын. Орекен ағаны тыңдай бергің келетін. Ол кісі сөйлеп тұрғанда сөзін бөлмесе екен, уақытыңыз аяқталды деп тоқтатпаса екен деп тілеп отырушы едік. Көпшілікте әй-шайыңа қарамай сөз бастап, жиналған халықты аузына қаратып отыратын, Орекен аға қазақ жақсыларының бәрін танитын. Ол кісілер де Орекенді ерекше құрметтеп, аузынан тастамай отырушы еді. Торғай аймағынана Қазақстанға танымал бір азамат болса ол – Орекен Аға!

**Оралхан Хожамжаров**

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,  
Шымкент агроколледжінің оқытушысы,  
Бүкіләлемдік Шығысхан акедемиясының  
(ЮНЕСКО) құрметті академигі

Өмір айдынында талай адамдармен кездесіп, дәмдес, сыйлас боласың, қимасқа айналады, қайтпас сапарға кетсе, орны үңірейіп, шіркін, азамат еді-ау, жасы үлкен болса, орны ерекше ақыл қосар аға еді-ау дейсің, ұмыта алмайсың. Кейде өмір бойы таныған адамың танысың ғана болса, ал бір көргеннен өзіне баурап алар сырлас досындай ағалық мейірімі ілтипатпен өзіне тартқан, жақынына айналған ерекше ағалардың бірі де бірегейі Орекен ағаның орны тым бөлек болатын. Әсіресе өзі іздеп келген алғашқы таныстығымызды әсте ұмыта алмаспын. Онда мен Торғай аграрлық-техникалық колледжінің басшысы едім. Хатшы қыз «Сізге бір үлкен кісі келіп тұр, Торғайданмын дейді, кіргізейін бе?» - дегенде, «Әрине, кіргіз, көп күтіп қалды ма, ұят болды-ау» дегенімше алып денелі, өзім сыртынан бұл кісі туралы естіп, біліп жүрген Орекен ағам кіріп келді. Көптен таныстай мені құшағына тартып, амандық-суылық сұрасты. Мен «аға, кешіріңіз күтіп қалдыңыз ба, жұмыс істеген адамға жұмыс бітпейді екен, осылай сүрлігем де жатам, тағы да сізден кешірім өтінемін», дедім. Ағам отырар отырмастан «Жәнібекжан кешегі бүгінгі, бүгінгі ертеңге өлшеу болмайтын, жарауы жақсы тұлпардай мына жүйрік заманда жұмыстың, жақсыға бастар істердің бітпеуі заңдылық, еш қысылма, келгенім жаңа, хатшы қызың ауыз ашар-ашпастан өзіңе хабар берді, енді міне алдында отырмын, ұлық болсаң, кішік бол деген, рахмет айналайын» деп риза көңілімен менің ата-тегім туралы шежіре тарихты бастап кетті. «Жәнібекжан ұлылар айтқандай «қасқадан қасқа тумағанымен төбелі туады» демекші, сен кешегі алаштың Ахмет Байтұрсынұлының болашағын болжаған Тілеулі батырдың аруақ қонған ақын шөпшегі Бейсеннің Сейдахметінің шөбересі, тектінің тұқымы болсаң, келінім Қарлығаш кешегі Кенесары ханның үзеңгілесі, туған інісі Наурызбайдың досы, ісі қазақтың мақтанышы Төлек Назарғұлұлы батыр Жәукенің шөбересі ғой. Демек, екеуің де ел алдында жүрсеңдер тектінің тұқымдары болғандықтарың болар, аруақ желеп, қолтықтарыңнан демеп жүргендігінен шығар, бақтарың өрлей берсін...

**Жәнібек Гапбасұлы**

Ардагер-ұстаз

Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы

## Арнаулар

### Орекен Алматылына!

Жас күнінен көзге түсіп, еленген,  
Көпшіліктің құрметіне бөленген.  
Әзіл айтса, жұрт күкіге кенелген,  
Өңгіме айтса, тарататын тереңнен.

Көкірегі толған тарих, шежіре,  
Тыңдаушыны баурап алар өзіне.  
Талантына таңқалар ең, тап келсең,  
Мондолинмен ән айтатын кезіне.

Бала кезден бірге туған елменен,  
Бөтен елде сұлтан болып көрмеген.  
Ешкім білмес ескі әндерді шырқайтын,  
Затаевия жинағына енбеген.

Жалғаннаң шаңтозаңына былғанбай,  
Сері күйде сән салтанат құрғандай.  
Шетелдің бар патшасының өмірің,  
Жатқа айтады бірге жүріп, тұрғандай.

«Білген-түйген кетіп жатыр текке»-деп  
Ешқашан да көрген емес өкпелеп.  
Сейдімбеттің Ақселеуі арнайы,  
Іздеп келіп, жазып алған көп дерек...

Әр сөзінде терең мазмұн, салмақты үн,  
Келер күнге жеткізеді жалғап кім?  
Арын сатып, мансап қуып көрмеген,  
Лауазымы –  
Орекені Алматытың!

Шамалыға мұқайтын да ол емес,  
Пенделердің қылығын да елемес.  
Білімімен артық кейбір доктордан,  
Беделі де әкімдерден кем емес.

Жүзге де жет, салмақты осы қалпында,  
Ізің болып, біз жүрейік артында.  
Мидай жазық даласына Торғайдың,  
Ұлдар керек дәл өзіндей  
Тау – тұлға!

**Құрметпен ініңіз – Қонысбай,  
Келініңіз – Мүнира**

Азамат–ең асқан елге қадірің,  
Келбетіңе тұңған тәубе, сабырың.  
Үлгі болып ұрпағыңа нар тұлғаң,  
Еңбегіңмен бағаланған бітімің.  
Өміріңді өрнектедің мәнді қып,  
Көркем мінез тек өзіңе тән қылық.  
Ел есінде, ер есінде жатталып,  
Жарқын бейнең сақталады мәңгілік.  
Тәрбиенді көріп өстім жасымнан,  
Беттен қақпай еркелеттің басымнан.  
Келте, қысқа жеткізбейтін қамшы өмір,  
Сағыныштан ағар көзден тамшы нұр,  
Ата-ана алдында бар, қарызым,  
Үмітіңді ақтау бала парызым,  
Әруағыңа тағызым етем, табынам.  
Сөзіңізді «ботам» деген сағынам.  
Жан әкешім, төрінде бол жұмақтың,  
Алла ісінің дегеніне бағынам.  
Сауап-амал бұл жалғанда жинадың,  
Сұм ажалға өздеріңді қимадым,  
Тосыннан кетіп ортамыздан әкешім,  
Есімді әрең – әрең жинадым.  
Сағынады қимай сізді ұрпағың,  
Сағынады келін менен қыздарың.  
Сіздей ата жоқ деп сезем жалғанда,  
Тұлғаңызды сақтаймын мен жадымда.  
Асқар тауым, мөлдір бұлақ ата-анам,  
Жан-жағыңа берекелі бақ қонған.

Ұрпағыңның тамырлары жайылсын,  
Салиқалы сіздер салған сол жолмен.  
Адалдық пен адамдықты тең көрген,  
«Бабаларым, байлығым» деп жүрген  
Даналықты, ойыңды ел жақтаған,  
Үлгі істерің ел аузында мақталған  
Білеміз біз ешкімнің жоқ таласы  
Тағдырдың да болып тұрар қарасы мен аласы  
Қадалғаны жүрегіме қазасы,  
53 күн ата-анамның арасы.  
Әкем-анам айыбынды едің, асқар ең,  
Екеуіңді бауырына алды басқа әлем.  
Сол әлемде мәңгі бірге болуға,  
Жан анашым кеттін өзің фәниден.  
Әке-ана баласының данасы,  
Ұрпағына салып кеткен жарасы.  
Көзімде жас, жүрегімде сағыныш,  
Балаларды болмай қалды-ау шарасы.  
Немерелер көктеп өсіп келеді,  
Жақсы жанның болады әркез дегені.  
Алғанымыз өмір бойы тәлім менен тәрбие,  
Ойлаймыз біз ол жемісін береді.  
Талғатжаным, соңымнан еріп өрлесін,  
Ұрпағымыз еш жамандық көрмесін.  
Деп «Алладан сұраушы» едің әкешім,  
Қабыл болсын асыл-ойың тілегің.  
56 жылда ата-ана, бауырыңды таптың ба?  
Сағыныштан құшағына басты ма,  
Талғатжаным қандай адам болады деп  
Жөн сұрасып, қауқылдасып жатсың ба?!  
Жұмақтан орын берсін сіздерге Аллам,  
Төксін нұрын аспаннан иман ғалам.  
Жаннатта жаның болсың, асылдарым!  
Қол жаям қабыл болсын тілек, дұғам.

**Сағына еске алушылар:  
балалары, немере, шөберелері**

## Мазмұны

1. Арқаның Алатауы еді.....	5–6
2. О. Алматұлы шығармалары.....	7
3. О. Алматұлының мерзімді басылымдарға жарияланған мақалалары тізімі:.....	7–9
4. Ол туралы жарияланған кітаптар.....	10
5. О. Алматұлының кітаптары.....	11
6. О. Алматұлының өмірінен фота-суреттер.....	12–19
7. О. Алматұлы жайлы жылы лебіздер.....	20–27
8. Арнаулар.....	25–27



Шығ. жауапты:....К. Б. Борибаева  
Құрастырушы:.... К. М. Аубакирова  
Редакторы:.....Ә. К. Ахметжанова

Басуға 13.02.2022 ж. қол қойылды.  
Қаріп түрі Times New Roman.

Басылымның көлемі: 0,5

Таралымы: 3

«Арқалық қаласындағы  
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.  
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.  
E – mail:arkounb@mail.ru



